



Автор: Тулебаева Гульжан Кенжебековна

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Отбасы құндылықтары

Тақырып: Тынымбай Нұрмағанбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | T/Ж2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар орындай алады: Әңгімедегі негізгі тақырыпты дұрыс анықтайды, идеясын түсінеді Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәтіннің мазмұнына сай сұрақтарға жауап береді, шағын диалогқа қатысады Кейбір оқушылар орындай алады: Шығарма идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізіп, өмірмен байланыстырады |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар орындай алады: Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтайды. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>Идея, образ, кейіпкер, Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: өмір шындығы, сағынған бала, Талқылауға арналған сұрақтар: Әңгіме неліктен «Анасын сағынған бала» деп аталады? Есмағанбет қалаға аттанарда неліктен баланың өңіне бір кірбің, көздеріне мұң ұялағандай еді»....? Қандай жағдай себеп болды деп ойлайсыз? Ишара</i> |
| Күтілетін нәтиже: | Әңгімедегі негізгі тақырыпты дұрыс анықтайды, идеясын түсінеді. Шығарма идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізіп, өмірмен байланыстырады |
| Бағалау критерийлері: | Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәтіннің мазмұнына сай сұрақтарға жауап береді, шағын диалогқа қатысады. |
| Құндылықтарды дарыту: | «Мәңгілік Ел» құндылықтарына сәйкес, оқушыға отбасындағы рухани- адамгершілік, өмірдің құндылықтарын игертіп, өмірлік ұстанымын қалыптастыра отырып, өмір бойы білім алуға баулу |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | https://bilimland.kz/ қолдану |
| Пәнаралық байланыс: | Тарих |
| Бастапқы білім: | Алдыңғы тақырыпты жаңа сабақпен ұштастыру |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|--|-----------|
| Сабақтың басы | 1. Ойлау дағдыларының деңгейлері . (білу) Ширату жаттығулары - Балаға ең керегі не? (Отбасы) - Отбасының тірегі кім? (Әке) - Отбасының ұйытқысы кім? (Ана) - Отбасының қуанышы кім? (Бала) - Әке, ана, бала үшеуі нені құрайды? (Отбасы) «Әрқашан күн сөнбесін» әнін тыңдау арқылы ой қозғайды, ақпаратты анықтайды. Алақан, күн, жүрек суреттері бойынша топқа бөлемін - Өмірде сен үшін алақаны жұмсақ кім? Сағыныш тобы - Жүрегі жылы кім? Уәде тобы - Күндей күлімдеп, шуақ шашатын кім? Арман тобы 2. Ойлау дағдыларының деңгейлері: (түсіну) | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|--|-----------|
| Сабақтың ортасы | <p>Шығарманың өн бойында қандай Сержанды кездістіреміз? «Оқиға тізбегі» әдісі арқылы мәтінді түсініп оқып, шығармадағы мәселелерді өз сөздеріңізбен тұжырымдаңыз. С.Ж. Шындық па жалған ба? әдісі 1. СержанЕсмағанбеткежиенболадыма? (ия) 2. Сержанәкесіменбіргетұрадыма? (жоқ) 3.Балалы үйдіңұрлығыжатпасшығарматақырыбынасаймақалма? (ия) 4. Әңгімедеқалатіршілігісуреттеледі (жоқ) 5. Сержанмылқау бала (жоқ) 6. СержанКүміскүлдіңбаласыма?(ия) 7. ЕсмағанбетСержанментанысқандаоныменамандаспайды. (жоқ) 8. НағашыларАлматығабаруғақарсыболмайды (жоқ) 9. Есмағанбетауылғажылдакелетін (жоқ) 10. ЕсмағанбеткеткендеСержанкөңілдікүйменшығарыпсалады? (жоқ) 3. Ойлау дағдыларының деңгейі (қолдану) Бағалау критерийі -Шығармадағы кейіпкерлерді анықтайды -шығармадағы кейіпкердің өзіндік құндылығын талдайды.. -кейіпкерлерді салыстырып ,бағалайды. Топтық жұмыс Әр топқа жеке тапсырма беріледі «Егжей-тегжейлі білуге» әдісі бойынша әңгіме мәтінінен негізгі кейіпкерлердің образын таңдап өз сөздеріңмен сипаттап,сызбаға ретімен орналастырыңыздар «Кейіпкерге сипаттама» «Сағыныш» тобы кейіпкер жас мөлшері іс-әрекеті мінезі көңіл-күйі Сержан «Кейіпкерге сипаттама» «Уәде» тобы кейіпкер жас мөлшері іс-әрекетімінезі көңіл күйі Ана «Кейіпкерге сипаттама» «Арман» тобы кейіпкер жас мөлшері іс-әрекеті мінезі көңіл күйі Есмағанбет Дискриптор: -кейіпкерлерді салыстырады. -іс-әрекеті мен мінезін сипаттап жазады. -жас мөлшерін анықтады. -сызбаға жазып түсіндіреді. Кері байланыс:ауызша 3. Ойлау дағдыларының деңгейі (талдау) Бағалау критерийі: Берілген мәтіннің мазмұны бойынша әңгіме желісін өз көзқарасыңызбен жазыңыз, топта телебағдарлама, бес жолды өлең құраңыз. «Ойлан-Жұптас-Бөліс» әдісі арқылы диалогқа түседі. Дескриптор - Аяулы анам, Ананы аялайық, өлең құрайды.. -автормен кездесу бағдарламасын жүргізеді; - мәтінді өз көзқарасымен жазып, өмірмен байланыстырады. «Үйлену оңай , үй болу қиын»,Балалы үй базар ,баласыз үй мазар» «Үш шапалақ» әдісі арқылы бағалайды. 4.Ойлау дағдыларының деңгейлері: (жинақтау, бағалау)«Сана саяжолы» әдісі (Conscience Alley) Бұл әдістің мақсаты хикаядапроблема шешумен немесе дилеммамен бетпе-бет келгендегі кейіпкердіңсанасын зерттеу болып табылатынын түсіндіру. Қалай ойлайсыз,Сержанның ата-әжесінің тәрбиесінде болғаны дұрыс па, әлде қалағабарып анасының жанында болуы керек пе? «Төрт сөйлем» тәсілі 1. Пікір.Оқыған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазыңыздар. 2.Дәлел. Өз пікірлеріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіздер. 3. Мысал.Пікірлеріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіздер. 4. Қорытынды.Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыздар. Дескриптор -кейіпкерлергетоқталады; - әңгіменің идеясы туралы өз ойларын ортаға салады.«Мадақтау» әдісі арқылы бағалау</p> | |
| Сабақтың соңы | <p>Рефлексия «Тазалық» ойыны. Қатысушыларға бір парақ беріледі. Онда мыналар салынған: Шабдан (суреті), қоқыс жәшігі (суреті), еттартқыш (суреті) - Құрметті оқушылар, бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды шабаданға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, ет тартқышқа салыңыздар (жазыңыздар) Үйге тапсырма: Әңгіменің басты кейіпкері Сержанға хат жазу</p> | |
| Рефлексия | <p>Аяқталмаған смайликтер арқылы сабақтың соңындағы көңіл күйлерін білдіреді.</p> | |